

Мектеп педагог-психологының І тоқсан бойынша есебі

Мектеп атауы: Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі

Психолог: Р.Абдукаримова, А.Ж.Жаксыбаева

Мерзімі: қыркүйек-қазан

Хаттама: №1

Күні: 24.10.2024 ж

1. Жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстар:

1.1.Диагностикалық жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың психологиялық даму деңгейін, қызығушылығын, бейімділігін анықтау.

| № | Сынып | Қамтылған оқушылар саны | Қолданылған әдістеме | Мақсаты |
|---|------------|-------------------------|--|--|
| 1 | 1-сыныптар | 365 оқушы | «Балалардың мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін сараптамалық бағалау В.И.Чирков, О.Л.Соколова, О.В.Сорокина» сауалнамасы (сынып жетекшілері) | Білім алушының мектепке әлеуметтік-психологиялық бейімделуін зерттеу |
| 2 | 2-сыныптар | 366 оқушы | Баланың өзін-өзі бағалауы сауалнамасы | Бейімделу деңгейін анықтау |
| 3 | 3-сыныптар | 389 оқушы | Баланың өзін-өзі бағалауы сауалнамасы | Бейімделу деңгейін анықтау |
| 4 | 4-сыныптар | 384 оқушы | Баланың өзін-өзі бағалауы сауалнамасы | Бейімделу деңгейін анықтау |
| 5 | 5-сыныптар | 347 оқушы | Л.Г.Федоренконың «Сыныптағы психологиялық климаттың жағдайын қалай анықтауға болады» сауалнамасы | Оқушылар ұжымындағы психологиялық климаттың деңгейін, яғни сыныптағы өзара қарым-қатынас атмосферасын, ынтымақтастықты, бір-біріне деген сенімділікті, эмоциялық жағдайды анықтау. |

2. Түзету-дамыту жұмыстары:

- «Сәлем, менің мектебім» тренингі 1-сыныптар (359 оқушы)

Мақсаты: Топта психологиялық жайлылық атмосферасын құру. Шиеленістің алдын алу.



- «1-сыныпқа саяхат» тренингі 1-сыныптар (359 оқушы)

Мақсаты: Балалардың мектеп өміріне бейімделуін жеңілдетуге бағытталған. Балалардың жаңа ортаға, жаңа талаптарға үйренуін қамтамасыз етіп, олардың әлеуметтенуін, бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтуға көмектеседі.



- Бірінші рет 5 сыныпқа тренингі 5-сыныптар (347 оқушы)

Мақсаты: Жаңа оқу кезеңіне сәтті бейімделуіне әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау. Оқушылар сәлемдесу жаттығуында өз есімдерінің бірінші әріпінен басталатын жағымдысөзді айтуы олардың қызығушылығын оятты.



- «Мен кімге сенемін» тренингі 6-сыныптар (389 оқушы)

Мақсаты: Балаларға сенім, сенімділік мәселесін түсіндіру, кімге және қандай жағдайда сенуге болатынын үйрету. Бұл тренинг олардың тұлғалық дамуына әсер етіп, қарым-қатынастарда сенімнің маңыздылығын түсінуге көмектеседі.



- Тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, топтық психологиялық сабақтар 6-сыныптар (389 оқушы)

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын дамыту, өзара түсіністік пен құрметке негізделген тиімді байланыс орнатуға үйрету, сонымен қатар топ ішінде сенімді, ашық орта құру.

3. Кеңес беру:

- Ата-аналарға кеңес: 15 ата-ана (бейімделу, мінез-құлық)
- Мұғалімдерге кеңес: 15 мұғалім (оқушылардың тәртібі, ынтасы туралы)
- Жеке кеңес: 20 оқушы

4. Профилактикалық іс-шаралар:

- «Достық және өзара түсіністік» атты психологиялық сағат (5-сынып)
- «Буллингсыз өмір» жобасы аясында мектеп мұғалімдері мен оқушыларына түсіндірме жұмыстары мен «Komek Stop Bulling» жобасының QR-коды орналастырылғаны жөнінде хабарлау. (7-сыныптар)

Мақсаты: «Komek Stop Bulling» жасөспірімдердің арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын-алу, оларға эмоционалдық, психологиялық қолдау көрсету.



- Психологиялық ағартушылық жұмыстары (1,5,10 сыныптар)
- «Мамандықтар әлемі» кәсіби бағдар беру кездесуі (9-сынып)
- Қатысқан тәрбие іс-шаралары: 3

5. Нәтиже мен ұсыныстар:

- 1-сынып оқушыларының бейімделу деңгейі орташа деңгейде, алайда кейбір балаларда қорқынышпен оқшаулану байқалады.
- 5-сынып оқушылары арасында достық қатынас жақсы, бірақ кейбір топтарда бәсекелестік басым.

Ұсыныстар:

- 2-тоқсанда эмоциялық тұрақсыздық пен өзін-өзі бағалау жұмыстарды жалғастыру.
- Ата-аналармен байланыс арттыру, семинар-тренингтер өткізу.
- Мұғалімдермен бірлесе жұмыс істеу арқылы жеке қолдауды қажет ететін оқушыларға көбірек назар аудару.

Қорытынды:

Психологтың 1-тоқсандық жұмысы жоспарға сай жүргізілді. Диагностикалық, коррекциялық, кеңестік және тәрбиелік бағыттағы жұмыстар толық қамтылды. Екінші тоқсанда осы бағыттағы жұмыстар жалғастырылып, оқушылардың психологиялық ахуалын жақсартуға бағытталады.

Психолог:

Р.Абдукаримова

А.Жаксыбаева